



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 6 маусым

Ұлттық Банкте қаржы нарығының сарапшыларымен кезекті кездесу өтті

Кеше Алматыда ҚР Ұлттық Банкі өкілдерінің қаржы сарапшыларымен кезекті кездесуі өтті, оның барысында реттеушінің ақша-кредит саясатының мәселелері, ақша және валюта нарықтарындағы ахуал, сондай-ақ қаржы реттеушісінің базалық мөлшерлеме деңгейін 9,25%-дан 9%-ға дейін төмендету жөніндегі шешімі талқыланды.

Ұлттық Банктің Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин дөңгелек үстелге қатысушыларға жылдық инфляцияның 2018 жылға арналған нысаналы дәліз шеңберінде төмендеуін жалғастырғанын айтты. «Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі инфляцияның ағымдағы және келесі жылға арналған нысаналы дәліз ішінде төмендеуін және 2020 жылдың соңына қарай инфляция бойынша 4% болатын орта мерзімді бағдарға қол жеткізуді қамтамасыз етуді жалғастыруда. Бұл ретте ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде сақталуда. Алайда проинфляциялық тәуекелдердің қысқа мерзімді, сол сияқты орта мерзімді перспективада іске асу ықтималдығының өсуі аясында базалық мөлшерлеменің 2018 жылы одан әрі төмендеуі әлеуеті айтарлықтай төмендеді», - деп түсіндірді В.Тутушкин.

Ол жылдық инфляция мамырда төмендеуін жалғастырып, 6,2%-ы құрағанын атап өтті. «Жылдың басынан бері салыстырғанда төмендеу инфляцияның барлық құрауыштары – азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар және халыққа көрсетілетін қызметтер бойынша байқалуда. Инфляцияның төмендеуі қарқынын ағымдағы жылдың соңына дейін және келесі жылы шектейтін негізгі тәуекелдер азық-түліктің әлемдік бағаларының өсуі, сауда әріптес - елдер тарапынан инфляцияның импорты, тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың өсуі аясында ішкі тұтынудың өсуі негізгі тәуекелдер болып табылады», - деп түсіндірді В.Тутушкин.

Сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі сауда әріптес - елдердегі инфляцияның ағымдағы деңгейі өздерінің нысаналы мандерінен төмен екендігін, алайда олардың дезинфляциялық әсер ету әлеуеті біртіндеп жойылғанын атап өтті. Орта мерзімді перспективаға жасалған болжамдық бағалаулар Қазақстандағы ішкі инфляцияға проинфляциялық қысымның өсу тәуекелін арттыратын нысаналы бағдарлар деңгейіне жеткенін көрсетіп отыр.

В. Тутушкиннің айтуынша, азық-түліктің әлемдік бағасының индексі сәуірде жылдық көрсеткіш бойынша 2,7%-ға өсті. Астық пен сүт өніміне бағалардың өсуі жалғасуда. Сыртқы монетарлық талаптардың қатаңдауы дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуімен қатар жүруде.

«2018 жылдың басынан бастап байқалған әлемдік мұнай нарығы тарапынан қолайлы әсер ету жалғасын тапты. Мұнайдың бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 70 АҚШ долларына жуық деңгейде қалыптасып отыр», - деді Ұлттық Банк өкілі.

В. Тутушкин Қазақстан экономикасында жылдың басынан бері үй шаруашылықтарын тұтынудың ұлғаю үрдісі байқалғанын, оған халықтың нақты ақшалай

кірістерінің екі жылдық төмендеуінен кейін өсуі, сондай-ақ тұтынушылық кредиттің ұлғаюы себепші болғанын баса айтып берді.

Ол экономикалық белсенділіктің өсуі қарқыны сақталғанын да қоса айтты. Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың мәні 2018 жылғы қаңтар-сәуірде жылдық көрсеткіш бойынша 5,0%-ды құрады. Өсуге тау-кен және өңдеуші өнеркәсіптер, байланыс, сауда, сол сияқты ауыл шаруашылығындағы өсудің жақсару серпіні оң үлес қосты. Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі 2018 жылғы қаңтар-сәуірде 28,9%-ды құрады.

Осының аясында, В. Тутушкиннің айтуынша, шығару мен ішкі тұтыну арасындағы айырма, Ұлттық Банктің бағалауынша, оң аймаққа өтіп отыр, бұл проинфляциялық қысымға әкеп соғады.

«Инфляциялық күтулер төмендеді, алайда түрлі күйзелістерге сезімтал болып қалып отыр және көбіне нарықтағы ағымдағы жағдайларға байланысты. Сәуірде теңгенің номиналдық айырбастау бағамы күйзелісінің аясында инфляцияның бір жыл алға күтілетін мәні 6,0%-ға дейін төмендеп, мамырдың қорытындысы бойынша 6,3%-ға дейін өсті. Қабылданатын инфляция да төмендеуін жалғастыруда. «Өткен 12 айда тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасы бұрынғыға қарағанда тез өсті» деп санайтын респонденттердің үлесі сәуірдегі 48,8%-дан мамырда 46,2%-ға дейін қысқарды», - деп түсіндірді В.Тутушкин.

Ұлттық Банк өкілінің айтуынша, ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде қолдау табуын жалғастыруда. Нақты инфляцияның баяу төмендеуі, сондай-ақ проинфляциялық тәуекелдердің орта мерзімді перспективада іске асу ықтималдығының өсуі Ұлттық Банктің ағымдағы жылы базалық мөлшерлемені одан әрі төмендетуін шектейді. Инфляциялық күтулерді басқару және оларды одан әрі төмендету мақсатында болашақта ақша-кредит талаптары неғұрлым қатаң сипат алу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Таныстырудан кейін Ұлттық Банктің өкілдері сарапшылардың сұрақтарына жауап берді, олар осындай кездесулерді өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылармен кездесуді қаржы реттеушісінің нарықпен және қоғаммен белсенді коммуникациялары саясатының шегінде жүйелі негізде өткізетінін еске саламыз. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2018 жылғы 9 шілдеде Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланатын болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz